



2017 жылғы

02 маусым

«ҚР ЖАФ» ҚБ Атқару комитетінің шешімімен

«Бекітілген»

А.Самталин

Сертификаттау жөніндегі комиссия туралы ереже

Жалпы ережелер

1.1. Сертификаттау жөніндегі комиссия (бұдан әрі Комиссия) Қазақстан Республикасының территориясында аумақтық федерацияларды сертификаттау процедурасын өткізу саласындағы басқару және бақылау қызметтерін, жарыстарға дайындалуды және өткізуді жетілдіру аясындағы реттілікті және бақылауды қамтамасыз ету бойынша қызметтерді, спорт саласындағы мамандардың біліктілігін арттыру және аттестаттаумен байланысты Ғылыми-техникалық орталықтың бағдарламаларын әзірлеу және іске асыруға қатысу бойынша қызметтерді, сондай-ақ ҚР ЖАФ Регламенттері мен ережелеріне сәйкес өзге де қызметтерді орындауға уәкілетті Қазақстан Республикасы Жеңіл атлетика федерациясының (бұдан әрі ҚР ЖАФ) уақытша қалыптасатын бөлінісі болып табылады.

1.2. Комиссия өзінің қызметін ҚР ЖАФ Жарғысына, Регламенттеріне және Ережелеріне, дене шынықтыру және спорт саласындағы нормативтік-құқықтық актілерге, сонымен қатар осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

1.3. Комиссия азаматтық-құқықтық қатынастарға ҚР ЖАФ атынан және жазбаша рұқсаты арқылы түседі.

1.4. Комиссия жеңіл атлетика бойынша жарыстардың Регламенттеріне және қолданыстағы Ережелерге сәйкес Қазақстан Республикасының территориясында жүргізілетін сертификаттау процедурасымен байланысты шешімдерді қабылдау мәселелерінде тәуелсіздікке ие.

1.5. Комиссия осы Ережемен қалыптасқан тәртіпте өзінің құзіретіндегі мәселелер бойынша Комиссия жетекшісінің бұйрығымен рәсімделетін шешімдерді қабылдайды.

1.6. Комиссия қызметін құқықтық, ұйымдастырушылық, ақпараттық, қаржылық, материалды-техникалық қамтамасыз етуді ҚР ЖАФ жүзеге асырады.

2. Комиссияның мақсаты, қызметтері, құқықтары және міндеттері

2.1. Комиссияның мақсаты мен қызметі:

2.1.1. Өңірлік федерацияларды сертификаттау процедурасын ұйымдастыру және жүргізу;

2.1.2. Мүшелік ету сертификатына иеленушілердің өз міндеттерін ұстануын бақылау, олардың құқықтарын, жауапкершіліктерін және өкілеттіктерін анықтау;

2.1.3. өңірлердегі спорттық, инфрақұрылымдық, құқықтық және кадрлық-әкімшілік критерийлер бойынша жағдайларды дамытуды және жақсартуды үстемелеу;

2.1.4. сертификаттау процедурасына дайындалу және жүргізуді жетілдіру саласындағы реттілікті және бақылауды қамтамасыз ету;

2.1.5. ҚР ЖАФ Атқару комитетінің қарауына сертификаттаудың жаңа форматтары туралы ұсыныстарды дайындау және шығару;

2.1.6. өз құзіреті шегінде жеңіл атлетика бойынша халықаралық және республикалық Регламенттер мен Ережелердің сақталуын және орындалуын қамтамасыз ету;

2.1.7. өңірлік федерациялардың міндетті критерийлерге сәйкестіктерін жоспарлы және жоспардан тыс тексеруді жүзеге асыру;

2.1.8. сертификаттауға жауапты өңірлік федерациялар қызметкерлерінің біліктілігін арттырумен байланысты Ғылыми-техникалық орталықтың бағдарламаларын әзірлеуге және іске асыруға қатысу;

2.1.9. ҚР ЖАФ Ғаламтор-ресурстарында Комиссия құзіретіне қатысты мәселелер бойынша Жеңіл атлетика жөніндегі ережелерге сәйкес ақпараттарды орналастыру;

2.1.10. өңірлік федерацияларды сертификаттау процедурасымен байланысты мәселелер бойынша түсіндіру жұмыстарын жүзеге асыру және түсінік беру;

2.1.11. жарыстарға қатысудың және оларға өңірлік федерациялардың спортшыларын дайындаудың тең шарттарын сақтау;

2.1.12. спортшылардың, сонымен қатар жарысқа қатысушылар мен көрермендердің өмірлік және денсаулығының қауіпсіздігін қамтамасыз ету және жарыстарды өткізу орындарында қоғамдық тәртіпті сақтау;

2.1.13. федерацияларды өңірлік деңгейде басқарудың тиімділігін қамтамасыз ету.

2.2. Комиссияның құқықтары мен міндеттері:

2.2.1. өзінің қызметкерлері қатарынан ҚР территориясында ҚР ЖАФ-тың сертификаттау жөніндегі регламентіне сәйкес жүргізілетін сыртқы тексерістерге мамандарды тағайындау;

2.2.2. өңірлік федерациялардың сертификаттау процедурасына өтуі үшін ҚР ЖАФ басқа Комиттерімен бірлесе отырып инфрақұрылымдық, әкімшілік-кадрлық, қаржылық, құқықтық және өзге де критерийлерді әзірлеу;

2.2.3. ҚР ЖАФ мүшелік ету сертификатына иеленушілердің реестрін жүргізу;

2.2.4. өңірлік федерациялар жұмысының тиімділігін бағалау және талдау қорытындысы бойынша аналитикалық анықтамаларды, қорытындыларды, ұсынымдарды дайындау және ақпараттарды жинақтау;

2.2.5. ҚР ЖАФ мүшелік ету сертификатына иеленуші болып табылатын өңірлік федерациялардан Комиссияның құзіретіне қатысты мәселелер бойынша ақпараттар мен құжаттарды сұрау, сонымен қатар Комиссия отырыстарына ҚР ЖАФ өкілдерін, өңірлік федерациялардың мамандарын шақыру;

2.2.6. Сертификаттау жөніндегі регламентке сәйкес Комиссияның құзіретіндегі өзге де құқықтар мен міндеттер.

3. Комиссия қызметін ұйымдастыру

3.1. Сертификаттау жөніндегі комиссия ҚР ЖАФ Атқару комитетінің шешімі негізінде қалыптасады.

3.2. Комиссияны Комиссияға жүктелген міндеттердің орындалуына және қызметтердің жүзеге асырылуына дербес жауапкершілікті артатын Төраға басқарады.

3.3. Комиссия Төрағасы ҚР ЖАФ Атқару комитетімен лауазымға тағайындалады және одан босатылады.

3.4. Сертификаттау жөніндегі комиссияның құрамына төмендегілер кіреді:

3.4.1. құқықтық критерийлер бойынша бас маман, Комиссия төрағасымен тағайындалады;

3.4.2. қаржылық критерийлер бойынша маман, Комиссия төрағасымен тағайындалады;

3.4.3. әкімшілік-кадрлық критерийлер бойынша маман, Комиссия төрағасымен тағайындалады;

3.4.4. инфрақұрылымдық критерийлер бойынша маман Комиссия төрағасымен тағайындалады (қызметтерді қоса атқару мүмкіндігі бар);

3.4.5. спорттық критерийлер бойынша маман, Комиссия төрағасымен тағайындалады.

3.5. Комиссия төрағасы келесідей өкілеттіктерді жүзеге асырады:

3.5.1. тағайындаған мамандардың міндеттері мен өкілеттіктерін анықтайды;

3.5.2. комиссияның штаттық құрылымы лимиті шегінде комиссияның штаттық кестесін бекітеді;

3.5.3. Қазақстан Республикасының заңнамасымен, Ережелермен, Регламенттермен және өзге де Ережелермен белгіленген тәртіпте тәртіптік жауапкершілік шараларын қолданады;

3.5.4. ҚР ЖАФ Атқару комитетіне Сертификаттау жөніндегі регламенттің жобасын бекітуге ұсынады;

3.5.5. Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте Комиссия жетекшісінің орынбасарларын, қызметкерлер мен жұмысшыларын іссапарға жіберу, еңбек демалысын беру, материалдық көмек көрсету, даярлау (қайта даярлау), біліктілігін арттыру, ынталандыру, устемелеу және сыйақы беру мәселелерін шешеді;

3.5.6. сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет ету бойынша жеке жауапкершілік артады;

3.5.7. ҚР ЖАФ Атқару комитетіне ұсынылатын ақпараттардың дұрыстығына жеке жауапкершілік артады;

3.5.8. өз құзіреті шегінде Комиссия актілеріне қол қояды;

3.5.9. ҚР ЖАФ Регламенттері мен Ережелеріне сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады;

3.5.10. Комиссия төрағасы жоқ болған кезеңде оның өкілеттіктерін атқару бұйрық негізінде оның орнын басатын тұлғамен жүзеге асырылады.

3.6. Комиссия мамандары:

3.6.1. өздерінің өкілеттіктері шегінде комиссия қызметін үйлестіреді;

3.6.2. Комиссия жетекшісі болмаған уақытта комиссия қызметіне жалпы жетешілік етеді және комиссияға жүктелген міндеттерді орындауға және өз қызметтерін жүзеге асыруға жеке жауапкершілік артады;

3.6.3. Комиссия Жетекшісімен және ҚР ЖАФ Сертификаттау жөніндегі регламентімен жүктелген өзге де қызметтерді жүзеге асырады.

3.7. Комиссия құзіретіне жататын мәселелер бойынша басқа құрылымдық бөліністерге комиссия атынан жолданатын құжаттарға Комиссия Жетекшісі қол қояды, ол болмаған жағдайда – оның орнын басатын адам.

3.8. Комиссия қызметкерлерінің құқықтары мен міндеттері белгіленген тәртіпте бекітілген лауазымдық нұсқаулықтармен анықталады.

4. Комиссия жұмысын тоқтату

4.1. Комиссия өз қызметін ҚР ЖАФ Атқару комитетінің шешімі бойынша тоқтатады.

Астана қ., 2017 жыл